

Нашақорлық пен есірткі бизнесінің алдын алу және оларға қарсы іс-әрекет бойынша жұмысты үйлестіру мәселелері жөніндегі комиссия құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 желтоқсандағы N 1316 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 желтоқсандағы № 1345 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.12.13 № 1345 Қаулысымен.

Ескерту. Тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.02.24 N 170 қаулысымен.

Мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру әрі нашақорлықтың алдын алу және есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы іс-әрекет жөнінде тиімді шаралар қабылдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес құрамда Нашақорлық пен есірткі бизнесінің алдын алу және оларға қарсы іс-әрекет бойынша жұмысты үйлестіру мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.02.24 N 170 қаулысымен.

2. Қоса беріліп отырған Комиссия туралы ереже бекітілсін.

3. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанында Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы іс-әрекетті ұйымдастыру мәселелері жөніндегі комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 қазандағы N 1106 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 34, 362-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 қазандағы N 1106 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 28 мамырдағы N 496 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 23-24, 220-құжат).

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

Нашақорлық пен есірткі бизнесінің алдын алу және оларға қарсы іс-әрекет бойынша жұмысты үйлестіру мәселелері жөніндегі комиссияның құрамы

Ескерту. Құрам жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.06.26 N 1316, өзгерту енгізілді - 2007.10.22 N 981, 2008.07.31 N 729, 2008.10.24 N 984, 2009.02.20 N 199, 2009.06.05 N 830, 2009.12.14 № 2104, 2010.06.07 № 525 Қаулыларымен.

- Баймағанбетов - Қазақстан Республикасының Ішкі істер
Серік Нұртайұлы министрі, төраға
- Сүлейменов - Қазақстан Республикасы Ішкі істер
Жанат Қуанышұлы министрлігі Есірткі бизнесіне қарсы
күрес және есірткі айналымын
бақылау комитетінің төрағасы,
төрағаның орынбасары
- Омаров - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер
Қайрат Ермекұлы министрінің орынбасары
- Оспанов - Қазақстан Республикасы Қаржы
Жарқынбек Қожанұлы министрлігінің Кедендік бақылау
комитеті төрағасының орынбасары
- Боранбаев - Қазақстан Республикасы Ішкі істер
Марат Манапұлы министрлігінің Есірткі бизнесіне қарсы
күрес және есірткі айналымын бақылау
комитеті алдын алу және ведомствоаралық
үйлестіру басқармасының бастығы, хатшы
- Сағымбеков - Қазақстан Республикасының Қарулы
Талғат Тұрғанбекұлы Күштері Әскери полициясы бас
басқармасының бастығы
- Қайырбекова - Қазақстан Республикасының Денсаулық
Салидат Зекенқызы сақтау вице-министрі
- Дәленов Руслан - Қазақстан Республикасының Қаржы
Ерболатұлы вице-министрі
- Телебаев - Қазақстан Республикасының Мәдениет
Ғазиз Тұрысбекұлы вице-министрі
- Сарыбеков - Қазақстан Республикасының Білім және
Махметғали Нұрғалиұлы ғылым вице-министрі

Оразов - Қазақстан Республикасының Байланыс және
Нұрай Нұрғожаұлы ақпарат вице-министрі
Қанағатов - Қазақстан Республикасы Туризм және
Елсияр Баймұхамедұлы спорт министрлігі Спорт комитетінің
т ө р а ғ а с ы

Асқаров - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты
Бақытжан Бекзатханұлы жанындағы Сот әкімшілігі комитеті
төрағасының орынбасары
(келісім бойынша)

Шабакбаев - Қазақстан Республикасы Әділет
Марат Несіпбекұлы министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі
комитеті төрағасының орынбасары

Кравченко - Қазақстан Республикасы Бас
Андрей Николаевич прокуратурасы Мемлекеттік органдардың
қызметіндегі заңдылықты қадағалау
департаментінің бастығы
(келісім бойынша)

Жігітеков - Қазақстан Республикасы Ұлттық
Нұржан Рахметханұлы қауіпсіздік комитеті төрағасының
бірінші орынбасары (келісім бойынша)

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2003 жылғы 25 желтоқсандағы
N 1316 қаулысымен
бекітілген

Нашақорлық пен есірткі бизнесінің алдын алу және оларға қарсы іс-әрекет бойынша жұмысты үйлестіру мәселелері жөніндегі комиссия туралы ереже

Ескерту. Тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.02.24 N 170 қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Нашақорлық пен есірткі бизнесінің алдын алу және оларға қарсы іс-әрекет бойынша жұмыстарды үйлестіру мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.02.24 N 170 қаулысымен .

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің кесімдерін және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.04 N 831 қаулысымен.

2. Комиссияның негізгі міндеттері мен функциялары

3. Комиссияның негізгі міндеттері:

1) бірыңғай мемлекеттік саясатқа және Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 29 қарашадағы N 1678 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2006-2014 жылдарға арналған стратегиясына негізделген өзара байланысты саймасай шаралар кешенін іске асыруға арналған жаңа көзқарастарды жүзеге асыруға;

2) Қазақстан Республикасында нашақорлықтың және есірткі бизнесінің таралуына тиімді мемлекеттік және қоғамдық қарсы іс-әрекет, нашақорлықтың алдын алу, оны емдеу және есірткіге тәуелді адамдарды оңалту жүйелерін нығайтуға және құруға;

3) ел халқының әлеуметтік нашақорлық иммунитетін қалыптастыруға жәрдемдесу болып табылады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.06.19 N 426 қаулысымен .

4. Комиссияның функциялары оған жүктелген міндеттерге сәйкес:

1) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы және олардың заңсыз айналымына қарсы іс-әрекет пен оларды теріс пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіру;

2) негізгі бағыттарды айқындау есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымын мемлекеттік бақылауды күшейту және нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күресті жүргізуші мемлекеттік органдарды үйлестіру;

3) нашақорлыққа, есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына және олардың қол жетімділігіне қарсы іс-әрекет және күрес тетігін іске асыру және одан әрі жетілдіру, есірткіні заңсыз пайдаланатын, есірткі құралдары мен психотроптық заттарды теріс пайдаланатын адамдарды уақтылы анықтау, есірткіге тәуелді адамдарды емдеу

және оларды әлеуметтік оңалту;

4) нашақорлықтың алдын алудың тиімділігін арттыру, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарының, оқу орындарының, медицина ұйымдарының, құқық қорғау органдарының және кең қауымның шиеленісті қатынастарды қалыптастыруға және есірткі қабылдамауға қатысуы арқылы;

5) нашақорлық пен есірткі бизнесінің алдын алу және оған қарсы күрес мәселелері жөніндегі заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық базаны ж е т і л д і р у ;

6) нашақорлық пен есірткі бизнесінің алдын алу және оған қарсы күрес саласында мемлекеттік органдардың қызметін одан әрі жетілдіру және оларды ү й л е с т і р у ;

7) нашақорлық пен есірткі бизнесінің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі халықаралық ынтымақтастық мәселелері жөнінде ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

3. Комиссияның құқықтары

5 . К о м и с с и я :

1) орталық және жергілікті атқарушы органдар мен өзге де ұйымдардан Комиссияның міндеттерін іске асыру үшін қажетті материалдарды сұратуға және а л у ғ а ;

2) қажеттілігіне орай мемлекеттік органдар мен мемлекеттік ғылыми-зерттеу ұйымдарының мамандарын өңірлердегі есірткі жағдайын талдау және зерделеу ү ш і н т а р т у ғ а ;

3) Комиссияның отырыстарында орталық және жергілікті атқарушы органдар мен өзге де ұйымдардың өкілдерін Комиссияның құзыретіне кіретін мәселелер б о й ы н ш а т ы ң д а у ғ а ;

4) мемлекеттік органдарға осы бағыттағы жұмысты одан әрі жетілдіру ж ө н і н д е ұ с ы н ы с т а р е н г і з у г е ;

5) Комиссияның құзыретіне жататын өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

4. Комиссияның жұмысын ұйымдастыру

6. Комиссияның төрағасы оның қызметіне басшылық етеді, оның отырыстарына төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады және қолданыстағы заңнамаға сәйкес Комиссия жүзеге асыратын қызметке, сондай-ақ салааралық, ведомствоаралық үйлестіру мен Комиссия әзірлейтін шешімдер үшін дербес жауапты болады. Төраға болмаған уақытта оның функцияларын

орынбасары

орындайды.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.06.19 N 426 қаулысымен.

7. Комиссия отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстар, қажетті құжаттар, материалдар дайындауды және отырыстан кейін хаттама ресімдеуді Комиссияның төрағасы тағайындайтын Комиссияның хатшысы жүзеге асырады.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.06.19 N 426 қаулысымен.

8. Комиссияның жұмыс органы Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі болып табылады.

9. Комиссия отырысын жүргізуге материалдар дайындауды Комиссия хатшысы жүзеге асырады, ол отырысқа дейін кемінде 3 күн бұрын Комиссия мүшелеріне барлық қажетті құжаттарды жібереді.

10. Комиссияның отырысы қажетіне қарай, бірақ кемінде тоқсанына бір рет өткізіледі. Комиссияның отырысы Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде заңды болып саналады.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.04 N 831 қаулысымен.

11. Комиссияның шешімі ашық дауыс беріп қабылданады және, егер оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берген болса, қабылданды деп саналады және Комиссия отырысының хаттамасымен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде төраға шешуші дауысқа ие.

Хаттамаға міндетті түрде Комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.06.19 N 426 қаулысымен.